

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1

қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,

Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Оқыңыз.



Шақыру



Құрметті достар!

27 маусымда сағат 19:00-де «Тұран ел»
мейрамханасына шақырамын. Кештің
басты шарты – ұлттық киіммен келу.

Сіздерді дәмді тағам мен әсем әуен
күтеді. Жақсы көңіл күймен келіңіздер.



Қалау рай

Етістік + (-ғы, -гі; -қы,
-кі) + тәуелдік
жалғауы/келеді.



2. Сәйкестендіріңіз.

дәмді

ұлттық

туған

басты

көңіл

әсем

күн

шарты

күй

тағам

әуен

киім

2024 жыл



3. Сәйкестендіріңіз.

Менің	сатып алғысы келеді
Сенің	сатып алғым келеді
Сіздің	сатып алғың келеді
Оның	сатып алғыңыз келеді
Менің	барғысы келеді
Сенің	барғыңыз келеді
Сіздің	барғың келеді
Оның	барғым келеді



4. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Үлгі: Менің қымбат әшекей сат+ып ал+ғы+м келеді

Менің сатып ал _____ келеді.
Оның Бурабайға бар _____ келеді.
Сіздің сыйлық бер _____ келе ме?
Сенің туған күнге бар _____ келе ме?
Оның әмиян ал _____ келеді.
Менің бүгін демал _____ келеді.
Сенің шай іш _____ келеді.



5. Оқыңыз.

Құрбысы Нұрай



Сәлем, құрбым! Әрине келемін. Кездескенше!

Құрбысы Қадияша



Кеш жарық, Фариза! Мен 1 мамыр күні іссапармен Алматыға кетемін. Ренжіме, келе алмаймын.

Досы Мақсат



Қайырлы күн, Фариза! Қалың қалай? Мен қалмаймын, келемін.

Досы Алмас



Фариза, сәлем! Мен барамын, бірақ жұмыстан кеш шығамын.



6. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

Алмас: Достар, Фаризаның _____ не сыйлаймыз?

Сәуле: _____ аламыз, былғары _____ алайық.

Мақсат: _____ берейік! Өзі алады.

Алмас: Сәуле, туған күніңе не алғың келеді?

Сәуле: Мысалы, менің әдемі _____ алғым келеді.

Мақсат: Туған күніме алтын _____ алғым келеді.

Алмас: Ал мен _____ алғым келеді.

Сәуле: Онда _____ береміз.



7. Тиісті қосымшаларды жазыңыз.

-ғы, -гі; -қы, -кі

Асанның кино көр _____ сі келіп жүр.

Анам Түркияға бар _____ сы келеді.

Інім ғарышкер бол _____ келеді.

Әкем шай іш _____ сі келмейді.

Менің жұмысқа бар _____ м келмейді.

Сіздің қарбыз же _____ ңіз келе ме?

Сенің сағат сатып ал _____ ң келе ме?

Оның айт _____ сы келмейді.



8. Тиісті есімдіктерді жазыңыз.

Менің

Сенің

Оның

Біздің

Сіздің

_____ кітап оқығым келеді.

_____ тамақ пісіргісі келмейді.

_____ демалғысы келіп жүр.

_____ шетелде оқығыңыз келе ме?

_____ сыйлық бергісі келеді.

_____ тойлағымыз келеді.

_____ жазда Бурабайға барғысы келеді.

_____ сатып алғың келе ме?

_____ дәмханаға барғысы келмейді.

_____ шырын ішкісі келе ме?

_____ ұшақпен барғым келеді.

_____ күткіңіз келе ме?



9. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

Олардың	қандай сыйлық алғысы келеді?	қайда тойлағысы келеді?	кіммен бірге тойлағысы келеді?
Фаризаның			
Інісінің			
Анасының			
Сіңлісінің			